

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 40 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 87-1-баппен толықтырылсын:

"87-1-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманы бұзу

Лауазымды адамның және заңды тұлғаның, осы Кодекстің 18-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманы бұзуы, - лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 502-бап алып тасталсын;

3) 541-баптың бірінші бөлігіндегі ", 502" деген цифрлар алып тасталсын;

4) 550-баптың бірінші бөлігі "87" деген цифрлардан кейін ", 87-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

5) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының жиырма бірінші абзацтарындағы ", 502" деген цифрлар алып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар):

1) бүкіл мәтін бойынша "I", "II" цифрлары тиісінше "бірінші", "екінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 22-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, егер мүгедектігі

мерзімсіз болып белгіленсе, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.";

3) 23-3-баптың 2-тармағы "адамдардың" деген сөзден кейін ", сондай-ақ егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің " деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10-құжат):

7-бап мынадай мазмұндағы 5-2), 5-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-2) жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;

5-3) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын құру;"

4. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жеке мүдделерді - жеке және заңды тұлғаларға тиесілі жер учаскелерінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыруға байланысты олардың мүдделерін қамтамасыз етуге тиіс.";

2) 17-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы "экологиялық қауіпсіздік" деген сөздерден кейін ", мүгедектер мен халықтың қауқары аз топтары үшін әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 17-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы "азаматтар" деген сөзден кейін ", соның ішінде мүгедектер" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 27-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында қала құрылысын игеру кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдар нормаларының, мемлекеттік нормативтердің және белгіленген тәртіппен бекітілген сәулет, қала құрылысы, құрылыс және өзге де жобалау құжаттамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз е т у .

Әкімшілік-аумақтық бірліктің әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылымы объектілеріне мүгедектер мен халықтың қауқары аз топтарының қол жеткізуін қамтамасыз етуді міндетті түрде ескере отырып, тапсырыс берушіге сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру;"

5) 31-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "қадағалау қызметін жүргізеді." деген сөздер алып тасталсын және мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"5) мүгедектер мен халықтың қауқары аз топтары үшін әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде - халықты әлеуметтік қорғау уәкілетті органы қадағалау қызметін жүргізеді.";

6) 64-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы "ықтимал қауіпті және техникалық жағынан күрделі объектілердің жұмыс істеуінің тұрақтылығы" деген сөздерден кейін ", мүгедектер мен халықтың қауқары аз топтары үшін әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 78-баптың 9-тармағының 3) тармақшасындағы "қала құрылысы органының," деген сөздерден кейін "халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік органының," деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 17, 154-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мүгедек бала - тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам;"

6. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 134-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

27-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жалпы пайдаланудағы көлік мүгедек жолаушылардың мініп-түсуіне арналған құрылғылармен жабдықталады.

Мемлекеттік органдар жолаушыларды тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізген кезде, мүгедектердің пайдалануына бейімделген көлік құралдары бар жеке және заңды тұлғалар артықшылыққа ие болады."

**2-бап.** Осы Заң, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 6-тармағын қоспағанда, 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*